

Цифрлық майнинг үшін төлемақы төлеушілер, салық салу объектілері, олардың тұрған жері және электр энергиясының көлемдері туралы мәліметтер нысанын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 2022 жылғы 13 сәуірдегі № 402 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 сәуірде № 27557 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 2 сәуірдегі № 174 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 02.04.2024 № 174 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 606-1-бабының 2-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Цифрлық майнинг үшін төлемақы төлеушілер, салық салу объектілері, олардың тұрған жері және электр энергиясының көлемдері туралы мәліметтер ұсынылған нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрілігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрі

Е. Жамаубаев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Н

Цифрлық майнинг үшін төлемақы төлеушілер, салық салу объектілері, олардың тұрған жері және электр энергиясының көлемдері туралы мәліметтер есепті кезең үшін 20 ____ жылғы _____ тоқсан

№	Цифрлық майнинг үшін төлемақы төлеушінің атауы (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде))	Цифрлық майнинг үшін төлемақы төлеушінің БСН/ЖСН	Цифрлық майнинг үшін төлемақы төлеушілердің заңды мекенжайы (тұрған жері)	Цифрлық майнинг үшін төлемақы салынатын объектісі (цифрлық майнинг кезінде тұтынылған электр энергиясының көлемдері (кВт/сағ))
1	2	3	4	5
	ЖИЫНЫ:			

(Байланыс саласындағы уәкілетті мемлекет орган басшысының немесе оны алмастыратын

тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

(Мәліметті жасауға жауапты қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Жасалған күні 20__ жылғы " ____ " _____

Ескертпе: аббревиатуралардың ашып жазылуы:

БСН – бизнес сәйкестендіру нөмірі;

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі.

"Цифрлық майнинг үшін
төлемақы төлеушілер, салық
салу объектілері, олардың

Әкімшілік деректерді жинауға арналған "цифрлық майнинг үшін төлемақы төлеушілер, салық салу объектілері, олардың тұрған жері және электр энергиясының көлемдері туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1. Нысан "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) (бұдан әрі – Салық кодексі) 606-1-бабының 2-тармағына сәйкес әзірленген.

2. Нысанды ақпаратты жасауға жауапты лауазымды адам толтырады және төлеушілердің тұрған жері бойынша аумақтық мемлекеттік кірістер органдарына есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 15-інен кешіктірмей ұсынады.

3. Нысанға бірінші басшы не оны алмастыратын адам, ақпаратты жасауға жауапты лауазымды адам қол қояды және мемлекеттік органдардың " web-интерфейсі бар электрондық құжат айналымының бірыңғай жүйесі" мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы электрондық түрде ұсынылады.

4. "№" деген 1-бағанда реті бойынша нөмірі көрсетіледі. Кейінгі ақпарат реті бойынша нөмірлеуде үзілмеуі тиіс.

5. "Цифрлық майнинг үшін төлемақы төлеушінің атауы (тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде)" деген 2-бағанда заңды тұлғалардың толық атауы немесе цифрлық майнинг үшін төлемақы төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) көрсетіледі.

6. "БСН/ЖСН" деген 3-бағанда 2-бағанда көрсетілген заңды тұлғаның бизнес сәйкестендіру нөмірі немесе 2-бағанда көрсетілген жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

7. "Цифрлық майнинг үшін төлемақы төлеушілердің заңды мекенжайы (тұрған жері)" деген 4-бағанда заңды немесе жеке тұлғаның заңды мекенжайы көрсетіледі.

8. "Цифрлық майнинг үшін төлемақы салынатын объектісі (цифрлық майнинг кезінде тұтынылған электр энергиясының көлемдері (кВт/сағ))" деген 5-бағанда цифрлық майнинг кезінде тұтынылған электр энергиясының көлемдері киловатт-сағатта (кВт/сағ), Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2020 жылғы 13 қазандағы № 384/НҚ бұйрығымен бекітілген Цифрлық майнингті жүзеге асыру жөніндегі қызмет туралы ақпарат беру қағидаларына сәйкес алынған ақпарат бойынша көрсетіледі.

